



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 15 шілде

2019 жылғы 5 шілде – 12 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

12 шілдедегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,1%-ға нығайып (383,53-тен), бір АҚШ доллары үшін 383,29 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 5 – 12 шілде аралығындағы кезеңде ФРЖ төрағасы Дж.Пауэллдің мөлшерлемені төмендетуге дайын екендігі туралы пайыммен сөйлеген сөзі, АҚШ пен ҚХР арасындағы сындарлы сауда келіссөздері туралы хабарлар, Қытайда маусымда экспорттың (-1,3% ж/ж) және импорттың (-7,3% ж/ж) қысқаруы туралы деректердің жариялануы маңызды оқиғалар болды.

Аталған факторлар АҚШ долларының дамыған елдердің валюталарына қатысты бағамының әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының² АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Бразилия реалы** Бразилия Конгресі Төменгі Палатасының бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуді көздейтін зейнетақы реформасының базалық мәтінін мақұлдауы аясында 2,1%-ға (3,82-ден 3,74-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** ОАР Президентінің елдің негізгі экономикалық институттарының біріндегі басшылыққа қатысты белгісіздікті азайтқан Резервтік банктің басқарушысы лауазымына екінші мерзімге Лесетья Кганьягоны және оның екі орынбасарын қайта сайлауы аясында 1,6%-ға (14,18-ден 13,96-ға дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының салыстырмалы түрде жоғары деңгейде белгіленуінің сақталуы және қор нарығына шетелдік инвестициялардың әкелінуінің жалғасуы аясында 1,3%-ға (63,81-ден 62,98-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** шетелдік инвесторлардың жергілікті активтерге деген сұранысының және АҚШ ФРЖ монетарлық саясатты жеңілдетуі туралы күтулерінен тәуекел-сентиментінің жақсаруы аясында 0,5%-ға (14 083-тен 14 008-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** елдің Қаржы министрі Карлос Урсуаның қызметінен кетуі туралы мәлімдесінен кейін қалпына келіп, 0,2%-ға (19,02-ден 18,99-ға дейін) нығайды. Мексика ОБ шенеуніктерінің бірінің монетарлық саясат жөніндегі соңғы отырыста жоғары


¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан көбірек саудаланатын дамушы елдер валюталар



пайыздық мөлшерлемелерді тым ұзақ уақыт бойы сақтай отырып, ОБ экономикаға зиян келтіруі мүмкін деп атап өтті.

- **Үнді рупиясы** Үндістан мен АҚШ арасындағы сауда келіссөздерінің айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілместен аяқталуы және инфляция бойынша статистиканы маусымда 3,18% ж/ж деңгейінде – реттеушінің 4%-дық таргетінен төмен деңгейде жария етуі аясында 0,4%-ға (68,42-ден 68,68-ге дейін) әлсіреді.

- **Түрік лирасы** институттың тәуелсіздігіне зиян келтіретін Түркия Президентінің ОБ басшысын жұмыстан босатуы аясында 1,6%-ға (5,63-тен 5,72-ге дейін) әлсіреді.



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 28 маусым=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:
 +7 (727) 2704 591 (вн.5556)
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz